



Астана қаласының әкімдігінің Қайым Мұхамедханов атындағы № 90 гимназия мектебінде Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушылары 11-сынып оқушыларына университеттің білім беру бағыттары мен мамандықтары туралы таныстырылым өткізді. Кездесу барысында жоғары оқу орнына түсу талаптары, ҰБТ нәтижелері бойынша қабылдау тәртібі, грант және ақылы оқу мүмкіндіктері туралы мәлімет берілді.

Оқу ісінің әдіскері Сариева Ғалия Сергейқызы сөз сөйлеп, ҰБТ-ның маңыздылығы мен оған дайындық жолдары туралы түсіндірді. Сонымен қатар, сұранысқа ие мамандықтар мен олардың болашақтағы мүмкіндіктері таныстырылды.

Кездесу соңында оқушылар сұрақ қойып, нақты жауаптар алды. Шара оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға және болашақ мамандық таңдауға көмектесті.